

«АХТСП» ҰК» АҚ-ның қоршаған табиғи орта жағдайына әсері туралы ақпарат

Порттың негізгі өндірістік қызметі жүкті уақтылы және сапалы өңдеуді қамтамасыз ету болып табылады. Оған жүк тиеу және түсіру, жинақтау операциялары, жүкті басқа көлік түрлерінен теңіз көлігіне және керісінше ауыстырып тиеу, сондай-ақ портқа келетін теңіз кемелеріне сапалы әрі уақтылы қызмет көрсету кіреді. Өндірістік қызметті жүзеге асыру барысында «АХТСП» ҰК» АҚ қолданыстағы заңнамаға сәйкес экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді, халықаралық стандарттарға негізделген заманауи басқару жүйелерін (ISO 9001 сапа менеджменті жүйесі және ISO 14001 экологиялық менеджмент жүйесі) енгізеді, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады. Өндірістік және пайдалану қызметінің ерекшеліктеріне сәйкес қоршаған ортаға әсер ететін негізгі факторлар айқындалған. «АХТСП» ҰК» АҚ-ның арнайы табиғат пайдалану қызметі мына құжаттармен реттеледі:

1. Қоршаған ортаға эмиссияға берілген рұқсат (қолдану мерзімі 31.12.2023 жылға дейін);
2. Қалдықтармен жұмыс істеу нормативтерінің жобасы;
3. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
4. 2019–2023 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Портта жалпы ұзындығы 450 метр болатын 12 айлақ бар, оның ішінде №1, №2 және №3 құрғақ жүк айлақтары, сондай-ақ ауданы 25 гектар болатын қайта жаңғыртылған аумақ орналасқан. Қалдықтармен жұмыс істеу процесін оңтайландыру және орналастырылатын қалдық көлемін азайту арқылы қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету мақсатында порт өндірістік қалдықтардың жекелеген түрлерін қайта пайдалануға береді. Порттың табиғат қорғау қызметін жетілдіру, өндірістік қызметті оңтайландыру міндеттерін шешу және қоршаған ортаға түсетін техногендік жүктемені азайту мақсатында 2007 жылы «АХТСП» ҰК» АҚ-да сапа менеджменті мен экологиялық менеджменттің біріккен жүйесі енгізілді. 2020 жылға арналған сапа және экология саласындағы саясаттың, қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалуын талдау өндірістік процестердің оң қарқынын, олардың тиімділігін және толық басқарылатынын көрсетті.

Ұлттық және халықаралық талаптарға сәйкес Ақтау порты:

1. Белгіленген стандарттарға сай келетін мұнай төгілуін жою жоспары бар. Оның негізгі мақсаты – мұнай төгілген жағдайда жедел әрі тиімді әрекет етуді қамтамасыз ету, сондай-ақ қолда бар табиғат қорғау жабдықтары мен мамандандырылған кемелер көмегімен акваторияның ластануын оқшаулау және толық жою. Аталған жоспар порттың техникалық жарақтандырылуы мен қосалқы құралдарын ескере отырып, I деңгейдегі (10,0 тоннаға дейінгі) мұнай

төгілуін жоюға бағытталған іс-қимылдарды көздейді. II және III деңгейдегі мұнай төгілуі орын алған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық жоспары күшіне енеді.

2. Мұнай төгілуін жою жабдықтарының тұрақты дайындық жағдайында болуын қамтамасыз етіп, пайдаланылып жүрген жабдықтарды жетілдірілген, тиімділігі жоғары үлгілермен кезең-кезеңімен жаңартып отырады.

3. Қызметкерлердің кәсіби дағдыларын жетілдіру мақсатында мұнай төгілуін жою жөніндегі арнайы бөлімше жыл сайын оқу-жаттығу өткізеді.

«АХТСП» ҰК» АҚ-ның өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында: атмосфералық ауаны қорғау шаралары шеңберінде астық тиеу кезінде атмосфералық ауадағы астық шаңының мөлшерін анықтау үшін сынама алу жұмыстары жүргізіледі;

су ресурстарын қорғау және оларды ұтымды пайдалану шаралары шеңберінде бірнеше жыл бойы теңіз суының сапасына аналитикалық бақылау жүргізіп келеді. Бақылау барысында мұнай өнімдерінің құрамы және нормаланатын тағы 18 көрсеткіш бойынша зерттеулер жүзеге асырылады.

2020 жылы жүргізілген зерттеу нәтижелерінің талдауы теңіз суындағы барлық зерттелген көрсеткіштер бойынша белгіленген шекті рұқсат етілген концентрациядан асып кету дерегінің болмағанын көрсетті.

Экологиялық төлемдердің нақты көрсеткіштерін талдау

Есептік кезеңге стационарлық көздерден қоршаған ортаға эмиссия үшін нормативтік экологиялық төлем көлемі 1 754,6 мың теңге құрады, ал 2020 жылы нақты төленген сома 286,7 мың теңге болды. 2019 жылғы есептік кезеңде экологиялық төлемнің нақты сомасы 108,5 мың теңге құраған.

Өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда экологиялық төлемнің 2,5 есеге артуы сусымалы, шаң түзетін жүкті (үйілген астық) ауыстырып тиеу кезінде шығарындыр көлемінің ұлғаюына байланысты.

Эмиссия көлемін есепте шекті рұқсат етілген шығарынды (ШЖШ) жобаларына сәйкес жүргізіледі.

2020 жылы жылжымалы көздерден қоршаған ортаға эмиссия үшін төленген экологиялық төлем көлемі 666,4 мың теңге құрады, ал 2019 жылғы есептік кезеңде бұл көрсеткіш 804,0 мың теңге болған.

Осылайша, 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда төлем сомасы 17%-ға төмендеді. Шығарындылар үшін төлем мөлшерінің азаюы карантин кезінде жүк ауыстырып тиеу көлемінің қысқаруына және тиеу-түсіру техникасының жұмыс көлемінің төмендеуіне байланысты болды.

Жалпы алғанда, Қоғам бойынша 2020 жылы экологиялық төлем көлемі 953,2 мың теңге құрады, ал 2019 жылы бұл көрсеткіш 912,5 мың теңге болған.

Экологиялық төлемнің өсуі 4,45% құрады. Бұл өсім шаң түзетін жүктерді (үйілген астық) ауыстырып тиеу көлемінің артуына байланысты.

Қалдықтарды өткізу бойынша жасалған шарттар (макулатура, пластик, шыны, аккумуляторлық батареялар) қатты тұрмыстық қалдықтар көлемінің азаюынан алынған үнем және түскен пайда туралы ақпарат.

«АХТСП» ҰК» АҚ-да қалдықтарды өткізу бойынша тиісті шарттар жасалған.


2020 жылғы 12 айда барлығы 19,5 тонна қалдық қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға тапсырылды, оның ішінде:

- қағаз – 1,7 тонна;
- картон – 0,9 тонна;
- пластик – 0,3 тонна;
- жарамсыз электрондық жабдықтар – 1,5 тонна;
- пайдаланылған шиналар – 10,2 тонна;
- пайдаланылған аккумуляторлар – 0,9 тонна;
- пайдаланылған майлар – 4,0 тонна.

Бөлек жиналған қалдықтарды қайта өңдеуге тапсыру нәтижесінде алынған экономикалық тиімділік 257 995 теңге құрады.



За 2020 год 19,5 тонн отходов передано на переработку и утилизацию, экономия от уменьшения размещения на полигоне и полученная прибыль:



Экономическая выгода от сдачи отдельно собранных отходов на переработку составила 257 995 тенге.



Анализ фактических экологических платежей Экологические платежи от стационарных объектов

